Қазақстан әйелдері. - 2017. - №4. - Б.25
Омар Ә., ҚазАТУ-дың 1 курс студенті

Таңдауыма өкінбеймін

Мектеп бітіретін түлектердің басты арманы - өздері қалаған мамандық бойынша жоғары оқу орнына түсу. Алайда бәрінің бірдей армандары орындала бермейді. Оған әр түрлі нәрсе себеп болады екен. Мәселен, мен дәрігер болуды армандағанмын. Бірақ, мен ойламаған жерден басқа саланы таңдадым. Үш ұйықтасам да түсіме балық шаруашылығы мамандығында оқимын деген ой кірген емес.

Мен мектеп бітірісімен Астанаға келіп, елордадағы жоғары оқу орындарын зерттедім. Маған С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті қатты ұнады. Осында құжат тапсыруға келгенде қай мамандықты таңдарымды білмей басым қатты. Алайда мен таңдаған мамандықтардың бәрінде студенттер толып кеткендіктен, балық шаруашылығы жағын таңдадым. Оқу басында мен өзімді мамандық таңдауда қателескендей сезіндім. Іштей өкініш те болды. Бірақ, бәрі уақытша екен. Оқытушымыз Таңатар Дарынбекұлының қызықты дәрістерінен кейін, деканның "Бұл мамандық - еліміздегі үлкен сұранысқа ие мамандықтардың бірі. Қай сала маманы болмасын жұмысын жақсы көріп істесе, мол жетістікке жетеді" деген сөзінен кейін ұзақ ойландым. Өзім оқып жатқан мамандығыма өкінбегенім жөн екенін түсіндім. Бүгінде таңдауыма мақтанамын. Әрі өзім оқып жатқан оқу орнын құрмет тұтамын. Келешекте жоғары оқу орнының мәртебесін марқайтып жүрген ректорымыз Ақылбек Күрішбаевтың жүріп өткен жолын жалғастырғым келеді. Бұл менің - таңдауым!